

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жамбылская область

| | |
|------------------------|----|
| Ануарқызы Айнұр | 2 |
| Бекетай Майра | 6 |
| Зұбадылда Айсұлу | 7 |
| Қамар Асан | 10 |
| Сағын Рахима | 13 |
| Тайжан Гүлнар | 16 |

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ануарқызы Айнұр

8-сынып, Қ.Рысқұлбеков орта мектебі
Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы
Жетекшісі: Нұрғалиева Н.М.

Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола -Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам селодеревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Ұлы Отан соғысына - 70 жыл

1941 жылғы 22 маусым - тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс жыл бұрын осы күні Ұлы Отан соғысы басталды. Бүгін соғыс және еңбек ардагерлері, облыс орталығындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өкілдері, студенттер - елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһармен ерлерді еске алып, рухтарына тағзым етті.

Қырық бірінші жылдың жиырма екінші маусымында таң қылаң бере фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанды.

Ақтай Кәкенов, Ұлы Отан соғысының ардагері: - Ол күнді енді ешқашан көрсетпесін. Кейінгі ұрпақ жыламасын-сықтамасын. Соғыста қаза тапқандарды бүгін біз қайғыра еске аламыз.

Бұл күні елі мен жері үшін өмірін қиып, туған жерге оралмаған қаһармен ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді. Қалың жұртшылық соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етіп, "Мәңгілік алау" мемориалына гүл

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

шоқтарын қойды. Ескерткіш басына соғыс куәгерлерімен қатар, Отан үшін отқа түскен ерлердің ұрпағы да келді. Олар бейбіт күннің астында, егеменді елде тұру бақыты үшін аға ұрпақ алдында бас иеді.

Жанар Қалиева, Ақжарқын орта мектебі шағын орталығының тәрбиешісі, Ақжар ауданы:

- Бүгін мәңгілік алау басына келіп, соғыста біздің жарқын болашағымыз үшін қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, гүл шоқтарын қойдық. Оларды ешқашан ұмытпаймыз. Әрқашан аталарымызға басымызды иеміз, құрмет тұтамыз.

Бұл күні жұртшылық 314-ші атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің ескерткішіне, Жеңіс және қалалық саябақтардағы ескерткіштерге де гүл шоқтарын қойды. Сондай-ақ соғыс ардагерлері госпитальдарда көз жұмған жауынгерлердің рухына тағзым етіп, ескі қалалық молада жерленген ерлерді де еске алды.

Бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатыр. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлер ешқашан ұмытылмақ емес.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Бекетай Майра

3 сынып оқушысы

Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Өрнек ауылы
Алғабас шағын орталықты орта мектебі

Ұлы Жеңіс – Ұлы мереке !

Жасасын Жеңіс!
Еңбегі барлық солдаттың,
Болашақ ұрпақ ерлігін айтар жалғап мың.
Қаншама адам ерліктер жасап майданда
Қазақтың атын, халықтың атын самғаттың!
Жамалбек Ақылбайұлы

22-маусым 1941 жыл мәңгі есте қалып, тарих бетінен өшпейтін жыл болды. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жыл толғалы отыр. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін қасиетті мереке. Бұл соғыс қаншама адамның өмірін қиды. Не бары жарты сағат ішінде немістер біздің Отанымыздың ішіне опасыздықпен кіріп жаулап алды. Бірақ біздің ержүрек батырларымыз оларға қарсы тұрды. Отанымызды, жерімізді қорғауға мыңдаған адамдар майданға аттанды. Мыңдаған адамдар әскерді қару-жарақпен, азық-түлікпен, қажетті заттармен қамтамасыз етті.

Ол үшін тылда жұмыс атқарды. Ал осы Жеңіс бізге қалай келді? Әрине, оңай жолмен келген жоқ. Жеңіс жолында қаншама адамдардың қаны төгілді. Балалар әкелерінен айырылды, қаншалықты көп қиын кезеңдерді өткізді. Болашақ ұрпақ үшін күресті. «Соғыс» атты суық сөздің сызды ызғары әр отбасына өз ізін қалдырып өтті. Отандарына деген ыстық сезімдерін дәлелдей білген батырлар аз болған жоқ. Олар: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бегилдинов және тағы да басқа есімді батырларымыз бар. Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Бәріміз қазақстандық жерлестеріміздің ерліктерін мәңгі есте сақтайық.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Зұбадылда Айсұлу

9 сынып, Төле би атындағы орта мектеп,
Жамбыл облысы Шу ауданы
Жетекшісі: Мақашева Нұрзия Сағындыққызы

Табу сөзге айналсын!

Тыныш түндер ылғи да табылса еді,
Айдың нұры бөлмеңе ағылса еді.
Жаман дауыс бұзбасын тәтті ұйқыңды,
Жаңбыр әні оятсын, жаным сені.

Күләш Ахметова

Осындай аналардың тілеуімен елімізде 71 жылдан бері тыныш таңдар атып келеді. Сол қарғыс атқан жылдардан бері менің отбасымда бейбіт өмірдің бағында ғұмыр кешіп келе жатқан мен үшінші ұрпақ екенмін. Мен де болашақта өз балаларымның түндерінің тыныш, таңдарының арайлы болғанын қалаймын. Бұл тек менің қалауым емес, жер бетіндегі ана біткеннің асқақ арманы деп ойлаймын. Әлемдегі әйел заты бұл кесапатқа түбегейлі қарсы болса, бәле ер адамдардан келе ме? Сонда әйел қауымының қолынан ештеңе келмей ме? Жоқ, ерлерді де дүниеге әкеліп, тәрбиелейтін аналар. Ендеше әр ана өз баласына барынша мейірімін төгіп, дұрыс тәрбие беріп, бақытқа бөлей білсе, жер бетінде Гитлер сияқты қанқұмар адамдар болмас еді.

Әжем айтушы еді: «Қорқыныш тудыратын жаман заттардың атын да атама, келіп қалады». Кейін мектепте мұндай сөздердің «табу» деп аталатынын білдім. Сол сияқты бұл тажалдың атын атаудың өзі қорқынышты. Өз басым адам баласына тек қорқыныш, орны толмас қайғы-қасірет әкелетін бұл сөзді «табу» қатарына қосу керек дер едім. Мен бірінші болып өз шығармамда осы сөзді қолданбай көрейін. Әрине, бұл сол жылдар туралы мүлде ештеңе айтылмай ұмыт болсын деген сөз емес. Керісінше, адам баласы неден қорқу керек екенін жақсы білуі керек. 1418 қанды күн мен түннен, 27 миллиондай адамды, соның ішінде Қазақстаннан аттанған 600 мыңдай қазақ боздақтарын, жалмаған тажалдан қорқу керек. Бірақ осы «барса келмеске» өз еріктерімен аттанған азаматтар алдында тізе бүгіп, тағзым етуге міндеттіміз.

«Өмірде не тәтті дегенде- жан тәті», -деген шешендеріміз қателесті ме екен? Ел басына күн туғанда ажал аузына тіке аттанған 20 мыңдай қазаққа «жанынан» артта қалған жері, анасы, баласы, жары, «тәтті» болғаны ғой. Олай болса бүгінгі күннің әр адамы осы батырларымыздың шын мәнінде мақтанарлық ерлік істерін біліп қана қоймай, үлгі-өнеге етіп, Отанымызды

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

сүюді, еліміздің, жеріміздің адал патриоттары болуды «жанынан арын артық көрген» қаһармандарымыздан үйренуіміз керек.

Батыстан жау шапқанда Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жерін қорғады. Соның ішінде қазақ халқы Отанының абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттерін көрсете білді.

Төсін оққа төсеген батыр аталарымыз Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин, Н.Әбдіров, Қ Қайсенов, Р.Амангелдиев, С.Баймағамбетов, Д.Шыныбеков, С.Жылқышев, Т.Мырзаевтың есімдерін, қос жұлдызы - Әлия мен Мәншүк ерлігін, Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаевты, 28 панфиловшылардың сапында болған Н.Есболатов, Ә. Қосаев, А.Қожабергенов, М.Сеңгірбаев сынды қазақ жауынгерлерінің қаһармандығын, атақты қолбасшысы Б.Момышұлының ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар

Осындай сұрапыл жылдарда алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен майданға аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектері, жеңіске қосқан үлесі зор болды. Қанша қиындықты бастан кешірсе де сағы сынбады, жігері жасымады. Қонақжай, адал ниетті, ақкөңіл, меймандос халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалтып қоймады. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім-жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Босқындармен өз баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекеттер, Жеңіске жетуіміздің бірден-бір себебі.

Қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы Бауыржан Момышұлы мен Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев, Қалмұқан Исабаев бастаған жазушылар мен ақындардың шығармашылығынан оқып біле аламыз. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - демекші ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерлік істерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен алатын орны ерекше. Ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Бүгінгі таңда ол жылдар туралы аз айтылып жатқан жоқ, сол майданнан қайтпаған ерлердің есімдерін ел есінде қалдыруға арналған шаралар да тізбегі толастар емес. Ардагерлерімізге деген қадыр-құрмет те жасалып

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жатыр. Ол қанқұйлы кезең туралы бұрыннан да әжемнен, ата-анамнан, ұстаздарымнан естіген-білгенім, оқығаным көп еді. Жақында ғаламтордан жантүршігерлік көп нерселерге кезіктім, мен үшін ең сорақысы концлагерлерде болған жайыттар болды. Қазіргі триллер сюжеттері, көріністері оның жанында ертегі болып қалады екен. Майданда ажал да, ерлік те, сатқындық та болған шығар. Ол жерде көп ойлануға, белгілі бір шешім қабылдауға уқыт та бола қоймайды ғой. Ал концлагерлерде фашистердің саналы түрде адам баласына жасаған жантүршігерлік қиянаттары, деревня тұрғындарын түгелдей қораға қамап өртеп жіберулері миға қонымсыз әрекеттер. Адамдық беп-бейнесінен айрылған аюандардың істері деп бағалаймын. Әжемнен маған қалғаны осы шығар, бір Алла Тағаладан сұрану: «Бұл бәлені құдай бізге қайта көрсетпесін!». Аты да, заты да «табу» ретінде тек тарихта қалсын. Білейік, ұмытпайық!

Қазақ қазақ болғалы ең бақытты ұрпақ өкілі біз шығармыз. Өйткені соңғы 25 жылдың таңдары біздің ел үшін ерекше арайлы, тәуелсіздік таңы атқанына биыл ширек ғасыр толып отыр. «Ұзағынан сүйіндірсін!»- дейік.

Менің маңдайыма егемен елдің бақытты баласы болуды жазған екен. Ендеше өзіме де, замандастарыма да: «Егемендік пен бейбіт өмірдің қадіріне жете білейік» -дегім келеді.

-Оқы, білім ал, еңбек ет, өмірде өз орныңды таба біл. Ең бастысы өз еліңді, жеріңді, Отаныңды жан-тәніңмен сүйе біл!

Қамар Асан

Жамбыл облысы Байзақ ауданы
Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебі
8 сынып оқушысы
Жетекшісі: Тураева Айымгүл

Елі үшін еңбек еткен ерлер

Екінші дүниежүзілік соғыс біздің жерімізге алапат дауылдай келгені рас. Бұл дауыл біздің есімізде өшпестей болып із қалдырды. Соғыс – халықты, елді, жерді жайпайтын өте үлкен күш. Соғыс ешкімді де бей-жай қалдырмады. Әрине, ол кезді майданда болып, жерімізді қорғаған батырлар сезінбесе, бізге тіпті елестету де қиын. Бірақ, сол сәтті көз алдымызға бейнелей суреттесек, судай аққан қан, ана қорқынышы, жастай кеткен батырлар, шырылдаған сәби, елге деген ұлтжандылық бірден еске түседі. Осындай қиын қыстау сәттерде жауынгерлерге рух беріп, күш – қайратын жігерлендіріп отыратын өлеңдер көптеп кездеседі. Солардың бірі – Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңі. Өлең қазақ жауынгерлеріне үлкен күш-қуат беріп отырды. Жауынгерлеріміз осындай патриоттық тақырыпта жазылған өлеңдерді оқи отырып, рухани жағынан күш алғаны сөзсіз.

Майдан алаңында берілмей отан үшін жанын аямаған ұл – қыздарымыз сол кездері өте көп болды. Қуаныштың бір үмітін көру үшін тек ұлдар ғана емес, қыздарымыз да ержүректілігімен, қайсарлығымен ерлерден кем түспей, соғыс майданында ерлік көрсете білді. Солардың бірі – Әлия Молдағұлова. Әлия апамыз майданда «дәлдеп атушы мерген» міндетін атқарған. Біз үшін батырдың майдандағы ерлігі ерекше орын алады. Оның шын есімі Лия Молдағұлова болыпты. Ал, Мәншүк Мәметова апамыздың шын есімі – Мәнсия. Бұлай болу себебі, Мәншүк апамыз кішкене кезінде орыс балабақшасына барған. Ондағы кішкене орыс балаларының тілі келмегендіктен, есімін өзгертіп, оны Мәншүк деп атап кеткен екен. Бұл батыр ұл-қыздарымыз соғыс болар шақта өлімнен қорықпаған. Сол батырларымыз қазіргі күнде аз ғана қалды. Ардагерлер бүгінде біздің негізгі байлығымыз. Оларды сыйлап, құрметтеп, қолдан келгенше көмектесіп, қол ұшын беру біздің парызымыз.

Кешегі соғыс - бүгінгі азаттық. Сұм соғыс барша елге өшпестей таңба қалдырғаны рас. Бұл таңба бізге кешегіні ұмытпай, ертеңгі күнімізде аянбай еңбек етуді еске салатұғын бірден-бір сәт. Ол майдан жауынгерлеріне оңай болмады. Бүгінде сол соғысқа 71 жыл толғалы отыр. Біз бұл жеңісті талай жылдар бойы тойлап келеміз. Ұлы жеңіске арналған Тараз қаласында «Жеңіс» саябағы орналасқан. Саябақта жасанды танкілер және үйірлі аттар бейнесіндегі макеттер бар. Ал, саябақ төрінде Бауыржан Момышұлы атамыздың ескерткіші де қойылған. Мұның бәрі, әрине, біздің ертеңіміз

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

үшін. Бұл тарихты біз сан мыңдаған ғасырлар бойы сақтап, ұмытпай, келешекке өнеге етіп ардагерлерімізді ұлықтауымыз керек.

«Жеңіс» - бұл халықтың терімен, қиындығымен, қаншама боздақтардың жастай кетуімен келген қуаныш. Бұл қуаныш қазақ еліне оңай келген жоқ. Қуаныш үшін кішкене балалар жылап, жас балалар ерте кеткен еді. Ананың бар мұны – балаларының аман-есен жүргенін білмеу еді. Балаларының соғыс майданында оққа ұшып, жан тапсырғанын есту, әрине, оларға қиын еді. Бұл әрине біздің ойымыз ғана. Біз әлі қанша құпияның соғыс майданында қалып қойғанын білмейміз.

Біздің міндетіміз – елімізді қорғаған ардагерлерімізді ұлықтау. Кешегісіз бүгін құралмайды.

Осы Жеңістің 71 жылдығына орай өзімнің жүрекжарды өлеңімді арнағым келеді.

Сонау болған 41-дің басында,
Кетті ерлер барлығы да жасында.
Ол кездерді сөзбен айту қиын ғой,
Соғыс деген алапат бір дауыл ғой.

Ол дауыл ешкімді де жай қоймаған,
Аналары балаларын күндіз-түні ойлаған.
Сол кездері батыр ұл-қыздарымыз
Ерлікпенен Азия жерін қорғаған.

Жаза кетсек, сол жандардың жан-сырын,
Барлық ақын арнаған өз ән-жырын.
Сол жырларға бір өлеңді қосайын,
Батырларды үлгі қылу- парызым.

Бауыржандай батыр бабам,
Ерлігімен үлгі болған.
Әлия, Мәншүк апаларым,
Ерлігімен даңқы шыққан.

Кешегі ел қорғаған батырымыз,
Бүгінгі ардагерлер-қазынамыз.
Батырларым қан майданда отты кешкен,
Ей, қазақтар бейбіт күнді бағалаңыз.

Бейбіт күнге міне, биыл 71 жыл,
Ыстық термен, қиындықпен келген бұл.
Ешқашанда естен шығып қалмасын,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қиындықтың жемісі бұл -азат күн.

Бұл өлең өз отанын жақсы көретін патриоттар үшін өте аз,әрине. Олар үшін 20 томдық кітап жазсаң да артық емес. Ашық аспанда азаттықтың ақ таңын көру үшін, біздің жауынгерлеріміз аянбай күрескен. Сондықтан да батыр бабаларымызды әрқашан құрметтеп,ардақтайық!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Сағын Рахима

6 сынып, Өтеген батыр атындағы орта мектеп,
Өтеген ауылы, Қордай ауданы,
Жамбыл облысы
Жетекшісі: Аягөз Қалмаханова

Номерлі ата

...Соғыс деген суық сөз
Жүректі дір еткізер
Ойланатын келді кез
Тілекке не жеткізер...
Қадыр Мырзалиев

Тәтем қалада тұрады. Ауылға анда санда келгенде бізді, балаларды ертіп, ауыл сыртындағы Өтеген батырдың кесенесіне алып барады. Жаз айы аяқталып қалған кез болатын. Бабамыздың кесенесіне барып үш шақырымдық жолда жаяу келе жатқанбыз. Тәтем жол бойындағы бір қабірге тоқтап Құран аяттарын бағыштады, ойланып көп отырды.

–Тәте бұл кісі кім? Ескерткіштің төменіндегі мына сандар қандай мағына береді, деп сұрадым. Сол кезде тәтем:- Тайыр ата соғыс басталғанда он сегізде екен. Ағаларынан қалмай соғысқа аттанады. Сталинград қаласын жаудан азат етуге қатысады. Кейін Белорусь майданына қосылады. Кеңес әскері Польшаның астанасы Варшава қаласына барғанда тұтқынға түсіп, қамалады. Неміс фашистерінің түрмесінде отырған жерінен Освенцим концлагеріне алып кетеді. Нағыз тозақты сонда көрген болса керек ата. «Тірідей адамдарды үлкен пештерге лақтырғанын, иттердің балалардың етегінен тартып, тістелегенін көрдік қой. Концлагерге келгенде екі күннен соң мына санды білегімді күйдіріп жазды. 15777-бұл менің реттік саным. Кейін сол қолыма 74/2/113 деп жазды. Бұл менің концлагердегі орным. Қыстың аязды күндері жалаңаяқ, жалаң бас лагердің сыртын айнала жүгірткен кездерді есіме алғым келмейді, небір азапты балаларым көрмесін деп тілеймін. Жетіскен жоқпыз...

Ерекше есімде қалған оқиғаны айтып берейін: Бірде біздің концлагерге Мұстафа Шоқайұлы келді. Соғысқа дейін ол кісі туралы газет-журналдар тек жағымсыз мәліметтер таратты ғой. Шын мәнінде олай емес екен. Бізбен үш рет кездесті. Өз мұңымызды айтып қалатынбыз әркез. Менен «Қай баласың? деп сұрады. Мен «Өтеген батырдың ұрпағымын» дегенімде батыр бабамды білетін болып шықты. Оның жоңғарларға қарсы қол бастап шыққандығын айтып берді. Мұстафа Шоқайұлының ойлаған ойы арманы бәрі бәрі ұлтына деген жанашырлықтан туған. «Білім алыңдар, қызметке араласыңдар, осы жерде қалыңдар, завод фабрикаларға барып жұмыс істеңдер. Қазақстан кейін

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

өз алдына автономия болып бөлініп шығады, сол кезде алып елге мықты мамандар керек болады», деп айтқаны ойымнан кетпейді.

Біздің командиріміз Алексей Беленков «Мұстафа Шоқаев Отанын сатқан опасыз. Онымен ортақ әңгіме болмауы керек сендерде. Сендер қазақ емес, Кеңес азаматысыңдар! Келесі жолы сендерге жақын отырғанын көрсем жақсылық болмайтынын ескертемін» деп екі үш рет айтты. Қанша жерден жаман дегенімен қанымыз бір, қарға тамырлы қазақпыз ғой, Мұстафа ағаны өгейсіген жоқпыз. Ол кісі сонымызды сезсе керек. «Жеңгелерің пісірген бәліш, алыңдар, ауыз тиіндер жігіттер», деп жылы- жұмсақты алып келіпті бізге. Әлемде болып жатқан соңғы жағдайлар, саяси күрес, экономикалық дағдарыс, білім ғылымның соғыс жағдайына қарамастан дамып жатқанын тілге тиек ететін.

Кейін естідік Мұстафа Шоқайұлы немістердің құйтырқы саясатына ермей керісінше әрекет жасапты. Біздерді аман алып қалу үшін үгіт насихат жұмыстарын жүргізген. Алайда фашистер оны улап өлтірсе керек. Оның қазасы туралы екі жылдай ешкімге хабарламаған. Біздің әрбіріміздің жүрегімізде Мұстафа Шоқайұлының өсиеттері жатталып қалды.

Концлагерде екі жыл болдық, 1945 жылдың ақпанына қарай кеңес әскерилерінің көмегімен Освенцимді азат етті. Аурудан әбден қалжырап, әлсіздікке душар болғанымызға қарамады Кеңес өкіметі. Соғыстан кейін ел қатарлы ауылға бірден қайтпадық. Мәскеу түбіндегі абақтыда жарты жылдай отырдық.

Елге келсем ауылдың жағдайы да мәз емес. Сосын білекті сыбанып жыл он екі ай бойы қойлы ауылда жүрдім. Үйлендім. Биенің қымызын ішіп әл жинаймын дегенім бекер шықты. Ақыры туберкулез болып ауруханаға түстім. Онда жатқан жерімде көктемде, наурыздың он алтысында сотқа шақыру қағазы келді. Екі айдай сот жүрді, ақыры Қордайдың үш азаматы соғыс жылдары немістердің концлагерінде отырды деген айыппен 20 жылға сотталып кете бардық. Краснояр өлкесінде түрмеде болдым. Бір күні ауылдан хат келді. «Тұңғыш ұлың дүниеге келді» деген сүйінші хабарға егіліп жыладым. Тұла бойы тұңғышымды көремін бе көрмеймін бе, деп ойға шомдым.

Сегіз жылдан соң 1957 жылы толықтай босатты. Бар айыпты алып тастады. Дегенмен жастық шағымды соғыс жалмады, түрмеде кетті қимас күндерім, ішім ашиды оған, балам...», деп Тайыр ата әңгімесін тәмамдады, деді тәтем.

Айтпақшы, тәтем кейін Тайыр атаның айтуы бойынша Мұстафа Шоқайұлының қайраткерлігі туралы ғылыми жұмыс жазыпты. Тәтем сол жұмысты қорғаған күні Тайыр ата Алматыға барыпты. Қорғауы сәтті өткен екен. Республикалық басылымдар атаймен сұхбат құрып, телеарнадан репортаж көрсетіпті.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ал мен сол бір зұлмат күндерді теледидардан танып, газет журналдардан оқығаным болмаса көзіммен көргенім жоқ. Олай болғанын қаламаймын. Ата әжелеріміздің бастарынан кешкен азаптарын ешкім де көрмесе екен деп тілеймін. Біз, жастардың ендігі міндетіміз ел мен жерге адал қызмет ету, білім алу. Білім арқылы біз елімізді әлемге танытамыз. Тәуелсіз Қазақстанымыздың аспаны бейбіт болғанын әрбір бала тілейді. Менің де тілегім сол!

Тайжан Гүлнар

Жамбыл облысы Байзақ ауданы
Қазақстанның 40 жылдығы орта мектебі
9 сынып оқушысы
Жетекшісі: Тураева Айымгүл

Жеңіс туы желбіре мәңгі бақи

Жер жүзінде нұр шашып Жеңіс күні,
Жақсы үміттің шырағы жанды міне!
Аспан бетін қаптаған қара тұман,
Серпіліп, зұлымдықтың сәнді түні.

1941 жыл... Сол бір сұрапыл соғыстың басталуы Гитлердің бейбіт келісім шартты бұзып, тұтқиылдан тыныш жатқан елге шабуыл жасауынан басталды. Соғыс кенеттен басталғанымен Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы алғашқы күннен бастап-ақ жұдырықтай жұмылып, тірлік етті. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа аттанды. Олар еліне жеңіспен оралатынына сенді. Сол үшін бес жыл бойы күндей күркіреген соғыста-мың төрт жүз он сегіз күн мен түндерде бүкіл ерік-жігерімен тек Жеңіске ұмтылды. Соғыс оңай болған жоқ, ешкімге жақсылық әкелген жоқ. Сол бір Жеңіс жолында миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар өз алдына босып кетті.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес! Соғыс - күйретуші күш. Күнді түн ететін, гүлді күл ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жұлып, жалмап жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Тарих беттері сол отты жылдармен толысады. Ол біздің тарихымыз, ол біздің өткеніміз.

Соғыс адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып жоюға бағытталған. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Ана баласымен, балалар әкесімен, тіпті кей ата-ана қыздарымен қоштасты. «Отан үшін отқа түс күймейсің» - деген ата-бабамыз.

Отан үшін қырдағы қойшының өзі қолындағы таяғын тастап, қару ұстады. Ойдағы тракторшы, комбайыншылар көліктерінен түсіп, танкіге мінді. Ол кезде бүкіл халық солдат болды. Бәрі де еркіндік үшін, ел үшін, жер үшін шайқасты. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендерінің алдына қойған мақсат-міндеттері, асқақ армандары бар еді... Бірақ, олар ел үшін оның бәрін ұмытып, жауды жеңуді міндет етіп, еркіндікті аңсады. Сол кездегі жастардың ел

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

еркіндігі үшін қосқан үлесі телегей-теңіз. Ата-бабаларымыздың жанымен, қанымен, көз жасымен, терімен, күшімен, ісімен, ерлігімен, еліміздің туын жықпай, анамыздың намысы үшін туған жердің топырағын өзгеге таптатпай, жеңістің таңбасын басқан күн - Жеңіс күні. Бұл күннің жүгі ауыр болса да, халқы үшін қуаныш болған күн.

Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан екі миллион адам әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан үш жүз тоқсан төрт мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Қаншама жас боздақтардың жасы қыршын қиылды. Қанша бала жетім қалды. Қанша ата-ана перзентінен айырылды. Ішінде ақыны да, батыры да, әншісі де бар еді. Қауызы ашпай көктей күйінде қырқылған сол жастардың ішінде әттең, дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен... Халықтың осындай үлкен қайғы қасіретіне Жеңіс жұбаныш болды. Халық тек Жеңіс үшін қуанды. Сондықтан бұл - Ұлы мереке. Сол бір қаһарлы жылдары халық тас-түйіндей бекілді. Осылайша ажырамас бірлігінің арқасында олар жауға қарсы тұра білді. Отанға деген махббатының арқасында майданда кеуделерін оққа тосты. Бұл ел мен ердің жемісі. Отқа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Бұл Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын сүетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қаракұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады. «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - деген. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс!

Бүгінгі таңда жыл сайын еліміз 9 мамыр – Жеңіс күнін атап өтеді. Еліміз өз батырларын ешқашанда ұмытпайды. Олардың құрметіне

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ескерткіштер орнатылып, мұражайлар ашылған, мектеп, көшелерге есімдері берілген. Мұның өзі бабаға құрмет, балаға міндет екенін түсінген елдің ұрпақтарының құрмет алғысы. Бүгінгі жеңіс – кешегі ел мен ердің жемісі. Ата – бабамыз үлкен азаппен алған осы бір жеңісті ұзағынан сүйіндірсін. Өткенді ұмытпайық, бұл - тарих!